Әділет

## Кәсіпкерлік қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу үшін 2008 жылға біржолғы талондардың бағасын бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Ақмола облысы Қорғалжын аудандық мәслихатының 2008 жылғы 27 маусымдағы N 4/5 шешімі. Ақмола облысы Қорғалжын ауданының әділет басқармасында 2008 жылғы 23 шілдеде N 1-15-112 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Қорғалжын аудандық мәслихатының 2009 жылғы 30 наурыздағы № 4/11 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Қорғалжын аудандық мәслихатының 2009.03.30 № 4/11 шешімімен

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабына, "Бюджетке төленетін салықтар және басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінің 369 бабының 2 тармағына, 372, 373 баптарына сәйкес Қорғалжын аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТЕДІ**:

1. Кәсіпкерлік қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу үшін 2008 жылға біржолғы талондар бағасы № 1, № 2 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешім Қорғалжын ауданының Әділет басқармасында мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланған кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы* *Қ.Жұмабаев*

*Мәслихаттың хатшысы* *Ө.Балғабаев*

КЕЛІСІЛДІ:

*Қорғалжын ауданының әкімі* *С.Қасенов*

*Қорғалжын ауданы бойынша салық комитетінің төрағасы* *Т.Ахметуллин*

Қорғалжын аудандық мәслихатының 2008ж. 27.06 № 4/5 шешіміне № 1 қосымша

## Кәсіпкерлік қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу үшін бір жолғы талондар бағасын бекіту туралы

| № р/с | Қызмет түрлерінің атауы | Бір күнге бір жолғы талондар бағасы, теңге есебімен |
|---|---|---|
| 1 | Жүзеге асыру (стационарлық үй-жайларда жүргізілетін қызметтерден басқа):<br>1. Газеттер мен журналдар<br>2. Тұқымдар, сондай-ақ отырғызатын материалдар (ағаш, жемістер)<br>3. Бау-бақша өсімдіктері<br>4. Саяжайларда, үй маңында өсірілген гүлдер<br>5. Жеке меншік ауылшаруашылық, бақша, саяжай өнімдері | 1 5 0<br>1 2 0<br>2 0 0<br>1 2 0<br>250 |
| 2 | Жер учаскелерін өндеу жөнінде жеке меншік трактор иелерінің қызметі | 170 |
| 3 | жеке меншік жеңіл және жүк таситын автокөлік иелерінің жолаушылар тасымалдау, жүк тасу жөніндегі көрсететін қызметтері лицензияланған тасымалдаудан басқа):<br>1. Жеке меншік автокөлікпен жолаушылар тасымалдау<br>2. Жүк тасу<br>3. Көмір тасу<br>4. Шөп тасу<br>5. Сабан тасу<br>6. Кебек тасу | 6 0 0<br>6 0 0<br>9 0 0<br>6 0 0<br>3 0 0<br>600 |

Қорғалжын аудандық мәслихатының 2008ж. 27.06 № 4/5 шешіміне № 2 қосымша

## Қорғалжын аудандық базарында заттар сату жөніндегі бір жолғы талондар бағасы (базар аумағындағы келісім-шарт бойынша жалға алынған үй-жайлардан басқа)

| № р/с | Заттардың және сауда-саттық қызметі түрлері бойынша жалға жұмыс пен қызметтердің атауы | Бір күнге берілетін бір жолғы талондар бағасы, теңге есебімен |
|---|---|---|
| 1 | Ет | 450 |
| 2 | Балық | 130 |
| 3 | Сүт өнімдері | 100 |
| 4 | Жеміс-жидектер, көкеніс | 150 |
| 5 | Кондитерлік заттар | 300 |
| 6 | Тағамдар | 150 |
| 7 | Бас киімдер<br>а) теріден жасалған құлақшындар<br>б) тері және жасанды тері құлақшындар | 1 8 0<br>150 |

| | | |
|---|---|---|
| 8 | Тері-жүн бұйымдары | 270 |
| 9 | Киімдер | 200 |
| 10 | Аяқ киім | 200 |
| 11 | Құрылыс материалдары | 250 |
| 12 | Балалар ойыншықтары | 150 |
| 13 | Шұлықтар | 150 |
| 14 | Кір жуатын заттар | 150 |
| 15 | Шаруашылық заттары | 150 |
| 16 | Қосалқы бөлшектер | 450 |
| 17 | Бұрын қолданған қосалқы бөлшектер | 250 |
| 18 | Әтірлер, әшекей бұйымдар | 150 |
| 19 | Кеңсе заттары | 120 |
| 20 | Электр заттары | 180 |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК